

Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» ШЖҚ КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Атырау қаласы

«18» мамыр 2026ж

Жалпы ақпарат

Ұйым: «Атырау облыстық офтальмология ауруханасы» ШЖҚ КМК

Тексеру кезеңі: 2026ж 09 - 30 сәуірді қоса алағандағы аралықта

Негіздеме: СЖТІТ жүргізу жөніндегі жұмыс Жоспары

2026ж арналған "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын алу" № 4 ҮББ жүзеге асыру Жоспары

СЖТІТ жүргізу туралы бұйрық

СЖТІТ жүргізу: жұмыс тобы

СЖТІТ келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету
2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және мемлекеттік сатып алулар

СЖТІТ жүргізу мақсаты:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар), консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөлімдері бойынша медициналық қызметтердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және мемлекеттік сатып алулар

Есеп бөлімінің және мемлекеттік сатып алулар қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

СЖТІТ жүргізудің негізгі міндеттері:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар), консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөлімдері бойынша емделген жағдайларды талдау, клиникалық хаттамаларға сәйкестігін тексеру, көрсетілген қызметтердің негізділігін бағалау

2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және мемлекеттік сатып алулар

Есеп бөліміндегі және мемлекеттік сатып алуға бұзушылықтарды анықтау.

Тексеру нәтижелерінің қысқаша қорытындысы

СЖТІТ нәтижесінде:

Тексерілген жағдайлар:

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету
Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар), консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөлімдері бойынша медициналық қызметтер

2026 жылдың I тоқсаны (қаңтар–наурыз айлары) бойынша түскен шағымдар, өтініштер және ұсыныстар:

Өтініштер келесі байланыс арналары арқылы қабылданды: «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі, ФОМС СРМ порталы, Call-орталық және Telegram чат.

Өтініштердің жалпы динамикасы

2026 жылдың I тоқсанында «Е-Өтініш» жүйесі арқылы келіп түскен өтініштер саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда келесідей өзгерісті көрсетті:

2026 жылғы қаңтар – 2 өтініш (2025 ж. – 1) → 1 жағдайға артқан

2026 жылғы ақпан – 6 өтініш (2025 ж. – 2) → 4 жағдайға азайған

2026 жылғы наурыз – 2 өтініш (2025 ж. – 1) → 1 жағдайға азайған

Қорытынды:

I тоқсанның қаңтар айында өтініштер 1 жағдайға артқаны байқалса, ақпан және наурыз айында төмендеу тенденциясы тіркелді.

Е-Өтініш арқылы түскен өтініштердің құрылымы

Талдау нәтижесінде өтініштердің негізгі бағыттары анықталды:

- мемлекеттік сатып алу мәселелері
- оқыту және қайта даярлау бойынша ұсыныстар
- медициналық сипаттағы өтініштер
- адвокаттық және ақпараттық сұраныстар

Медициналық өтініштердің мазмұны: емдеу сапасына, очкиге рецепт жазуға және аппараттық ем алу үшін ұзақ күтетіндерін айтып шағымданған, шағым-негізсіз шағымдар. Барлық өтініштер заңнамаға сәйкес мерзімінде қаралып, тиісті жауаптар берілді.

Басқа арналар арқылы түскен өтініштер

ФСМС СРМ порталы арқылы:

1 шағым қаңтар айында, 1 шағым ақпан айында тіркелді, мәселе шешіліп, шағым кері қайтарылды. Наурыз айында шағым тіркелмеген. 2025 жылдың 1 1 шағым ақпан айында тіркелді. Шағымдар негізсіз, уақытында жауап берілді.

Call-орталық - 87084217207 арқылы:

Telegram чат арқылы:

I тоқсанда жалпы 12-ге жуық шағым тіркелді.

Негізгі мәселелер: қабылдауға тікелей жазылу мәселесі, Дамумедке жергілікті емхана арқылы келу ұзақ уақыт алатындығы туралы.

Барлық өтініштер жедел қаралып түсіндіру жұмыстары жүргізілді, мәселелер шешілді. Бірқатар шағымдар кері қайтарылды, негізсіз деп танылған жағдайлар болды.

Шағымдардың сипаты мен талдауы

Жалпы талдау нәтижесі бойынша:

шағымдардың басым бөлігі ұйымдастырушылық және ақпараттық сипатта болған, медициналық қызмет сапасына қатысты дәлелденген кемшіліктер анықталмаған, Көптеген жағдайларда азаматтарға қолданыстағы заңнама нормалары түсіндірілді.

Сонымен қатар: қызметкерлермен түсіндіру және тәртіптік жұмыстар жүргізілді, пациенттермен кері байланыс жақсартылды.

Қабылданған шаралар:

Барлық өтініштерге уақытылы жауап берілді, ішкі бақылау күшейтілді. Қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілді, ақпараттық жүйелер бойынша мәселелер жедел шешілді. Пациенттермен байланыс арналарының тиімділігі арттырылды.

Атырау облыстық офтальмология ауруханасына түскен барлық өтініштер уақтылы қаралып, көпшілігі оң шешімін тапқан.

Алдағы уақытта медициналық қызмет сапасын арттыру және пациенттермен тиімді қарым-қатынасты дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жалғасатын болады.

2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және мемлекеттік сатып алулар

Есеп қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауда бас есепші, еңбек ақы есептеу есепшісі 2026 жылғы бойынша есептері ұсынылды. Толық ақпарат ұсынылған есепте.

Мемлекеттік сатып алу маманының 2026 жылғы ұсынылған есебі бойынша:

Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы 140 келісім шарт жасалды. Оның ішінде, 50 – қызмет көрсету, 89 – тауар, жұмыс - 1. Тоқсан бойынша аталған келісім шарттардың 29 – орындалған, 112 – әрекет етуде, 0 – тараптар келісімі бойынша бұзылды.

Анықталған бұзушылықтар саны: 2

1. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Стационар (тәулік бойы), стационар алмастырушы (күндізгі стационар), консультативті – диагностикалық медициналық көмек бөлімдері бойынша медициналық қызметтер: **бұзушылықтар анықталмады**

2. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және мемлекеттік сатып алулар

Есеп бөлімі: техникалық жұмыстарға байланысты 1С бағдарламасын жаңарту кезіндегі жүйеден кеткен қателік – **негізсіз бұзушылық**

3. Мемлекеттік сатып алу - **бұзушылықтар анықталмады**

4. Әкімшілік құқық бұзушылық: санитарлық көлік жүргізушісі, көлік құралымен бағдаршамның тыйым салатын сигналына немесе реттеушінің тыйым салатын қимылына қарамай өту бойынша әкімшілік құқық бұзушылық

СЖТІТ кезінде бұзушылықтардың себептеріне талдау жүргізіліп келесідей қорытындаланды:

Аурухана қызметі жалпы алғанда қанағаттанарлық.


Негізгі мәселелер: медициналық құжаттаманы жүргізу сапасы, емдеу стандарттарын сақтау, ішкі бақылау жүйесі, есеп бөліміндегі қаржылық

бақылау. Мемлекеттік сатып алулардағы ашықтық, сыбайлас жемқорлықты жою, бюджеттің тиімді жұмсалуды қамтамасыз ету және бәсекелестік үшін тең жағдай жасау.

Ұсыныстар мен ұсынымдар:


1. Халық арасында МӘМС және медициналық қызметтерді алу тәртібі бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;
2. Медициналық қызметкерлердің коммуникациялық дағдыларын арттыру;
3. Ақпараттық жүйелердегі техникалық ақауларды жедел жою;
4. Call-орталық пен Telegram арқылы кері байланысты жетілдіру;
5. Қызмет сапасына тұрақты мониторинг жүргізу;

Ескалиев Д.Г.




жұмыс тобының жетекшісі

Канаева Г.У.



ішкі аудит бойынша дәрігер

Салиманова Б.Г.



заңгер/комплаенс офицер